

**Түркістан қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2013 жылғы 8 қазандағы № 19/115-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 қазанда № 2389 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2019 жылғы 14 тамыздағы № 51/253-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 14.08.2019 № 51/253-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 19.12.2014 № 38/209-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 19.12.2014 № 38/209-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Е. Тәңірбергенов*

*Ғ. Рысбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК